

повет), Торчинови-чи (Самборский повет); Торктер тек өздерінің аттарымен байланысты осы күнге дейін сақталған аталмыш мекендерде ғана тұрған жоқ. Олар, сірә, оңтүстік орыс қалалары мен елді мекендердің аралас қоныстанушыларының әжептәуір негізін құрады.

Киев және Пречеслав княздықтарының қызыметіндегі Уз рулары аталмыш княздықтардың оңтүстік және шығыс шекараларында орын алып, XII ғасырдың соңына дейін тіршіліктерін жалғастырып келді. Уақыт өте ішінара бөлшектенген Уздардың бір бөлігі отырықшы тіршілікке бейімделді. Ал қалған бөліктері осы шекара бойларында кейіннен қалыптасқан Қарақалпақ сияқты саяси ұйымдармен бірлесіп, көпке дейін өздерінің ескі ру аттарымен аталып жүрді [9].

Әдебиеттер:

- 1.С.Кожа, Түріктердің қоныс аударулары және таралуы, Түріктер Энциклопедиясы, том-I, Анкара, 2002, бет-459
- 2.А.Н.Курат., Печенек тарихы, Ыстанбул, 1937, бет-25
- 3.С.Плетнева, IX-XIII ғ.ғ.Оңтүстік Орыс далалық аймақтарындағы көшпенділер, Москова, 1984., бет-125
- 4.А.Н.Курат., IV-XVIII ғасырлардағы Қаратөңіздің солтүстігіндегі қауымдар және мемлекеттер, Анкара, 2002, бет-147
- 5.А.Н.Курат., Ресей тарихы, Анкара, 1993, бет-54
- 6.С.А.Плетнева, Половцетер, Москова, 1990, бет-96
- 7.О.Прицак, Түрік-Славияндардың ортақ өмір салты: Оңтүстік шығыс Еуропаның түрік көшпенділері, Түріктер, том-I, Анкара 2002, бет-516
- 8.Д.А. Расовский, «Ескі Рус тарихында қарақалпақтардың ролы», Үлке журналы, № 57, Анкара, 1937, бет-257
- 9.А.Н.Курат., Печенек тарихы, Ыстанбул, 1937, бет-36

## **Мысыр Мәмлүк мемлекеті және Рүкнеддин Бейбарыс сұлтанның билігі**

**Молдабаева Д.Ж.**

*Сулейман Демирел университеті, PhD*

«Мәмлүк» сөзінің төркіні арапша «мелеке» сөзінен келіп, мағанасы қожайынның билігіндегі құл дегенді білдіреді. Арапшада ата-анасы құл болған құлдарға «абд» сөзін қолданған яғни тегі құл болғандарды «абд» деп атаған. Ал қарапайым жанұяда дүниеге келіп бірақ кейіннен соғыс жағдайына байланысты қолға түсіп құлдыққа салынған ақ нәсілді жандарды ерекшелеп «мәмлүк» деп атаған. Уақыт өте келе араб әлемінде мәмлүк деп билеушілер мен сұлтандардың арнайы жасақтарында қызымет атқаратын өзіндік әлеуметтік және құқықтық дәрежесі бар арнайы жасақтарды айтатын болған[1].

Тарихта бұлардың орта ғасырларда Мысыр елінде құрған мемлекеттеріне «Девлетү-л Мемалик» (Мәмлүк мемлекеті) деп атаған.

Өз үстемдіктерінің ықпалын арттыру мақсатында Ислам тарихында алғаш рет «мәмлүк» жасақтарын қолданғандар Аббаси халифалары болған. Аббаси мемлекетінің құрылуында парсылардың үлкен рөл ойнағаны тарихта белгілі. Осыған орай Ирандықтардың мемлекет ішінде ықпалы арта түсті. Осының алдын алу мақсатында Аббаси халифалары, атап айтқанда Халифа Мемун (813-833жж.) дәуірінен бастап мемлекет ішінде тепе-теңдікті реттеу мақсатында сырттан түркілерді алып келіп олардан әскери жасақтар құрды. Аз уақыттың ішінде жалпы сандары 30 мыңнан асқан бұл топтарға арнайы жағдай жасалды. Халифа ел-Мутасымның билігі ұсында (833-842жж.) бұл түрік топтары үшін арнайы Самара қаласын салдырып оларға мол мүмкіндік жасады. Бұлардың араб немесе парсы қыздарымен үйленіп, тектіліктерін жоғалтпаулары үшін оларды арнайы өз нәсілінен болған түрік қыздарымен ғана үйлендірген. Сондай ақ, бұларға тек қана өз ішінен сайланған қабілетті адамдар ғана басшылық жасайтын болған.

Аббаситтер өздерінің күш-қуатын арттыру мақсатында ұдайы «мәмлүк» сатып алып отырған. Аббаситтердің ішкі саясатында жиі-жиі бой көрсететін саяси қақтығыстарда, мәмлүктер қарсыластар үшін ең сенімді әскер қолы болып есептелінген. Билік үшін талас-тартыста мәмлүктерді жасак ретінде қолдану қысқа уақытта барлық ислам әлеміне тарап үлгереді. Алайда



бұл жағдай Аббаситтер үшін қатер төндірді. Жас кезінде жұртынан айрылып, қожайындарының ықпалында тәрбиеленген мәмлүктердің кейбір ерекше дарындылары өсекеле дербес өмір сүру жолына қарай ұмтылады. Уақыт өте олардың ішінен қожайындарынан азаттығын алғандары билікке араласып ықпалдарын арттырды. Тіпті оларға кей жағдайларда көрсеткен ерліктері үшін үлестік жерлер сыйға беріліп, қала әміршісі дәрежесіне жеткендері де болған[2]. Уақыт өте келе Мысырдағы кейбір түрік қала әміршілері мәмлүк топтарының көмегімен билікке жиі-жиі қарсы келіп отырады. Халифа ел-Мемунның түрік мәмлүкі Толын ұлы Ахмет, 868 жылы Түрік мәмлүктерінің қолдауына сүйеніп Мысырда тарихтағы алғашқы мұсылман-түрік мемлекетін құруға қол жеткізді.

Толын ұлдары мемлекетінің ыдырауынан кейін Аббаситтердің қызыметіндегі басқа бір түрік мәмлүкінің баласы Ихшит Мұхаммет ибн Тоғаста өз мәмлүктеріне арқа сүйеп 935 жылы Мысырдағы екінші түрік-мұсылман мемлекетін құрды. Екі мемлекеттің де қалыптасуында түрік мәмлүктерінің рөлі зор болған.

Ихшидилер мемлекетін құлатып Мысырды жаулап алған Фатимиттер (910-1169жж.) мәмлүк жүйесіннен бас тарта алмады. Себебі Мысыр халқына өз егемендігін мойындату үшін әскери тұрғыдан қуатты болуы қажет еді. ел-Мустансыр дәуірінен бастап (1036-1094жж.) тек қана түріктерден құралған арнайы мәмлүк тобын құрылды. Алайда бұл түрік мәмлүктер, басқа мәмлүк топтарымен бақталастыққа түсіп, өзара қақтығыстар мен ерегістер белең алды. Бұл жағдай Фатими мемлекетінің әлсіреуіне әкеліп соқтырды.

ел-Мустансырдың соңғы кезеңінде бұл түрік мәмлүктері Мысырдың билігін өз қолдарына алды. Алайда, қара нәсілділермен көшпенді араптарға қарсы бастаған күрестерінің салдарынан әлсіреп, өздерімен бірге Фатими мемлекетінің де бөлшектенуіне себепші болды.

Фатимилер қызыметіндегі түрік мәмлүктерінің дайындаған қолайлы жағдайдан пайдаланған Еюубиттер, Мысырды қиындықсыз жаулап алып, бұлар да Оғыз-түркімендердің қолдауына сүйене отырып феодалдық басқару жүйесін құрады[3].

Салахаддиннің өлімінен кейін (1193ж.) Мысыр және Сирияда мәмлүктердің сандарының барынша артқанын көруге болады. Өйткені Салахаддиннің мұрагерлері әкелерінен қалған ұлан ғайыр мемлекетті өз араларында бөлісіп, Мысыр, Дамаск, Халеп; Хама; Хымс; Балбек және Керкук секілді Сирия қалалары Еюби ханзадаларының маңызды орталықтарына айналған болатын. Еюби сұлтандары мен мәліктері, егемендіктерін нығайту және жауларына қарсы тұру үшін Қыпшақ елінен және Маураннахрдан көптеген мәмлүктерді алып келіп бұларды өздеріне керемет әскер етіп тәрбиеледі[4].

Бейбарыстың билікке кеуі: Толық аты- ел-Мелик ез-Захир Рүкнеддин Бейбарыс ел-Бундукдари. Билік құрған жылдары 1260-1277 арасы.

Құтуз Бейбарыс қолынан қастандықпен өлтірілгеннен кейін орнына оны өлтірген кісінің сұлтан болуы да заңды жағдай еді. Бейбарс, ел-Бахриенің ең ықпалды әміршілерінің бірі болып, Құтузды өлтіру пікірі де содан шыққан болатын. Бұған қоса монғолдармен болған соғыс нәтижесінде Бейбарс айтарлықтай аброй мен даңққа бөленген еді. Деректерде ел-Бахрийе шенеуниктері, Құтуз өлтірілгеннен кейін ес-Салихийедегі салтанат сарайында жиналыс жасап, Бейбарсты бір ауыздан «сұлтан» сайлауға шешім қабылдағандығы жөнінде жазылған. Бұлар сарайдың кіре берісінде кездескен Ақтайға Сұлтан Құтуздың өлтірілгендігін айтады. Ақтайдың: «оны қайсың өлтірдің» деген сұрағына Бейбарс «мен» деп жауап береді. Ақтай болса дереу оның қолын сүйіп «әміршім, бұйыр оның тағына отыр» дейді. Осылайша Бейбарс оңай әрі шығынсыз Құтуздың тағына отырып, оның қаны құрғамай жатып-ақ барлық әміршілерге билігін мойындатып, өзіне адал болуға ант ішкізді [5].

ес-Салихийеде кішігірім құттықтау рәсімінен кейін Ақтайдың Сұлтан Бейбарсқа «Калату'л Жебелге барып таққа отырмайынша істің толық бітпегендігін» ескертуіне байланысты Бейбарс, қасына жанашырларын алып тез арада Кайрға аттанады. Кайырга келіп қала орталығындағы шахристанға кіреді. Бейбарысты қамалдың найбұ'с-салтанасы (билеушінің уәкілі) Емір Иззеддин Айдемир қарсы алып, оған бас иеді және билігін мойындайды.

Тарихшылардың баяндауларына қарағанда, ес-Салихийеде Бейбарсқа ел-Мелик ел-Кахир деген лақап беріледі. Алайда бұл лақаптың құт әкелмейтіндігі айтылып, осы лақаппен аталған



ешбір билеушінің соңы жақсы болмағандығы ескертілуіне байланысты Бейбарыс ел-Мелик ез-Захир деген лақапты қолданғанды жөн көреді.

Бейбарстың 26 қазан 1260 жылы Калату'л Жебелде таққа отыруымен мәмлүктердің тарихында жаңа бір кезең басталады. Бейбарс атқарған қызметтерінің арқасында Мысыр және Сириядағы Мәмлүк мемлекетінің шынайы құрушысы болы. Мәмлүк мемлекеті құрылғанан кейінгі 10 жыл ішінде бес сұлтанның таққа отырғанын ескеретін болсақ, алғашқы кезеңдерде бұл мемлекетте саяси тұрақсыздық болғандығын айтуға болады. Бейбарсқа келетін болсақ ол, 17 жыл елдің тәуелсіздігін қорғап, билік құрады. Ел-Бахрийе мәмлүктері ішінде Сұлтан Калавуннан басқа ешкім дәл осындай ұзақ уақыт билік басында қалған емес.

Бейбарс салтанатының алғашқы күнінде-ақ сырттағы монғолдар мен крест жорықшыларына қарсы тұру мақсатында, билік алаңын Нүбе мен Араб түбегіне дейін кеңейтті. Елде тыныштықты орнату арқылы халықтың жүгін жеңілдетті. Әсіресе Мысыр мен Сирияда өзінен кейін де ұзақ уақыт өмір сүрген мәмлүк билігінің жалғасуына себепші болатын басқару жүйесінің негізін қалады.

Бейбарс өзінің тарихи жетістіктеріне қол жеткізу үшін бір жағынан Илханлыларға қарсы Алтын Ордамен келіссөз жасаса, Сириядағы кресшілерге қарсы, Византия империясымен одақтасқан. Екіншіден мәмлүктердің Мысыр және Сириядағы билігін күшейту үшін Бағдат Аббаси Халифатын Мысырда қайта жандандырды.

Бейбарс кезеңіндегі Мәмлүк-Илхан қарым-қатынасы: Бейбарс, Илхандықтардың мәмлүк территориясына жасаған барлық шабуылдарына (1265ж, 1269ж, 1271ж.) тойтарыс берді. Оларға өз күштерін көрсеті мақсатында тіпті қарсы шабуылдар ұйымдастырды. Тіпті олар, 1277 жылы 18 сәуірде Илхандықтардың қамқорлығындағы Анадолы Салжұқтарына аттанды және олардың бірлескен Илхан-Салжұқ жасақтарын Елбистан жазығында талқандады[6]. Бейбарс кері қайтқаннан кейін монғол ханзадасы Абақа Елбистан жазығына келіп, шайқас болған жерде тек қана монғолдардың өлгендігін, ал Салжұқ жасақтарынан бір кісі де өлмегенін көріп «Анадолының бастан аяқ талқандалуын және кездескендердің барлығының өлтірілуіне» әмір береді. Осы мәселе деректерде: «Илхандықтардың Анадолыда (Анатолия) Ерзинжаннан Қайсеріге дейін 500 000 мұсылманды өлтіргендігі, алайда бір де бір христианның өлтірілмегендігі баяндалады[7].

Мәмлүктердің крест жорықшыларымен қарым-қатынасы: Мәмлүтер, монғолдарға қарсы көрсеткен жетістіктерін Таяу Шығыстағы кресшілермен болған саяси күресінде де көрсете білді. Бұл жерде мәмлүктердің крес жорықтарына қарсы жүргізген күресі тарихи құндылығы тұрғысынан, Монғолдарға қарсы жүргізген күрестен кейін қалмайтынын ескерген жөн. Мәмлүктер бұл күресте монғолдарға қарсы қол жеткізген жетістіктерден артық табыстарға қол жеткізді. Өйткені олар Сирияда кресшілердің ықпалын жойып, оларды бұл жерден мәңгілікке қуып шығады [7].

Мәмлүктердің, кресшілерге қарсы қол жеткізген ең алғашқы табысты жорығы ел-Мансураны олардың қолынан құтқаруы болып саналады. Содай-ақ 1250 жылында Фарскурда кресшілерге ауыр соққы берген еді. ез-Захир Бейбарс 1265 жылдың ақпанында үлкен бір әскерді жасақтап кресшілердің қол астындағы Қайсарийе, Яфа, Аслис және Арсуф қалаларына басып кіреді. 1266 жылдың жаз айында Сафед пен ер-Ремлені жаулап алады. Артынша Кіші Арменияға ауыр соққы береді.

Антакияның жаулап алынуы (1268): Бейбарс 1267 жылы Таберия және Акка өңірлерін тонап, келесі жылы Яафа, еш-Шакиф және Арнун қалаларын жаулап алады. Нәтижеде кресшілерге қарсы бағытталған жорықтарында Антакияны жаулап алғанан кейін мол олжаға кенеледі (Сәуір, 1268). Деректерде Мәмлүктер Антакияда мол олжаға кенелгендері соншалықты «ақшаны қаппен бөліскені» жазылған[8].

1268 жылы Антакияның мұсылмандардың қолына өтуі сол кезеңде өте маңызды уақиға саналды. Өйткені Антакия, Урфадан кейінгі кресшілердің Шығыста құрған екінші ханзадалығы болатын. Ал бұл жерді мұсылмандардың жаулап алуы кресшілердің Сирияда XI ғасырдан бастап құрған үстемдігінің аяқталғанының бір белгісі еді.

Бейбарс 1271 жылы Трабулус ханзадалығына шабуыл жасайды. Оның иелігіндегі Сафыта, Хыснү'л-Екрад және Хысн-ы Аккар қамалдарын жаулап алады. Сондай-ақ Акканың солтүстік



шығысындағы Төтон рыцарларының қорғауындағы Хыснұ'л-Карин камалын да қиындықсыз басып алады[9].

Бейбарс қыпшақ тектес түріктерден еді. Ұзын бойлы, жуан дауысты, сарышын, көзі көк болатын. Бір көзінің қарашығында кішкентай дақ байқалатын. Ат үстінде жүріп ойналатын «роло» ойынын өте жақсы көретін. Өзін ат үстінде жақсы игеретін. Өжет әрі ержүрек Бейбарстың шыдамсыз адам болғаны да айтылады. Мінезі өте катал кісі еді. Деректерде оның жеке әмірінде 12 000 мәмлүк болғандығы баяндалады. Шыңғыс ханның Ясасы мен төресіне қатты еліктеген. Қарапайым халық оны қайырымдылығы мен жақсылықтары арқылы да таныды[10].

Ез-Захир Бейбарс, таққа мұрагерлік жолымен келуі мүмкін емес екендігіне, оның үстіне кезінде Құтуздың Айбектің ұлы Алиді баласынып орнына сұлтан болғандығын көре тұра, әкелік сезіміне беріліп баласы Беркені өзінің орнына сұлтан болуын қалады. Сондықтан да көзі тірісінде ұлы ел-Мелик ес-Сайд Насыреддин Қаған Берке Хан үшін айналасындағы ықпалды кісілерге оның билігін мойындатып ант ішкізген болатын. Ол, 1264 жылы салтанатты түрде сұлтанның мұрагері болып жарияланады. Ез-Захир Бейбарс төренде сұлтандықтың барлық нышандарын баласына табыс етіп, өзі оның атының тізгінін ұстап жаяу жүреді.

1277 жылы Бейбарс Дамаскіде қайтыс болды. Мемлекеттегі барлық әскери қолбасшылар мен саяси қайраткерлер Берке қағанға оның билігін мойындайтындықтарын айтып, жаңадан ант ішеді. Осылайша Мәмлүк мемлекетінде ел-Мелик ес-Сайд Беркенің ұзаққа созылмаған билігі басталады.

1. Пайдаланған әдебиеттер
2. К.Я.Копраман, «Мысыр Мәмлүктері» Түркілер энциклопедиясы, Ү-том Анкара, 2002, бет-99
3. бұл да сонда, бет-100
4. З.В.Тоған, Жалпы түрік тарихына кіріспе, Ыстанбул, 1946, бет-89
5. К.Я.Копраман, «Мысыр Мәмлүктері» Түркілер энциклопедиясы, Ү-том Анкара, 2002, бет-101; Ибн Танрыберди, ең-Нужумуз Захире, ҮІІ-том, Анкара, 2002, бет 34
6. бұл да сонда, бет-102
7. Греков Б.Д., Якубовский А.Б. Золотая Орда и ее падение. – М.-Л., 1950. С. 336-373.
8. Абдулкадир Ювалы, Анадолының түркіленуі және монғолдар, Анкара, 1985, бет-89
9. К.Я.Копраман, «Мысыр Мәмлүктері» Түркілер энциклопедиясы, Ү-том Анкара, 2002, бет-102
10. Абдулкадир Ювалы, Анадолының түркіленуі және монғолдар, Анкара, 1985, бет-89
11. К.Я.Копраман, «Мысыр Мәмлүктері» Түркілер энциклопедиясы, Ү-том Анкара, 2002, 102-104бб.

## **Spiritual heritage of Al-Farabi: dialog of cultures: east and west**

**Chongarov Y.K.**

*Law Faculty.*

Philosophy development in territory of the former USSR as well-known, passed under a militant atheism banner, a logic-gnoseological orientation was a prominent feature of the majority of researches that has caused primary development of cognitive aspect of philosophical outlook while the philosophy, by its essence, is a reflexion about outlook, synthesizing in itself results not only informative, but also the moral, aesthetic, religious relation to the world.

Modern practice of independent development of Kazakhstan and the Kazakhstan philosophy has shown that primary orientation of the person to informative culture and cultivation of rationality in the form of scientific knowledge — essentially important component of development of the person, but is far not the unique. Moreover, without being added with other important components of development of the person, to which number, first of all, it is necessary to carry morals and spirituality, it can lead to deformations in education. Meaningfully rejecting each of forms of cumulative culture of the person, scientific philosophy has lost much in the substantial plan because its researches became spiritless, and have appeared deprived of personal sense. Therefore the philosophy al-Farabi is actual today, not being passing historic-philosophical gain, allows to compensate in certain degree a considerable blank former of ideological and dogmatical Soviet philosophy and culture.